

# КУЙІК КЕЗІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚӨМЕК КОРСЕТУ

Орындаған : Қуатбек А.Т  
Тексерген: Алимбетова А.  
Ж

□ Адамдар арасында өрт деген  
олардың кінасынан болмайтын  
дүние сияқты болып көрінеді.  
Бірақ өрттердің жартысынан  
астаны адам кінасынан болады.  
Сондықтан барлық адамдар өрт  
қауіпсіздігін білуі керек.

## □ Күйген кезде көрсетілетін алғашқы көмек

- Күйік ауыр болса зардап шегуші өмірі қабылданған дұрыс іс-шараларға тәуелді болады. Сондықтан «Жедел жәрдем» қызметі жеткенше алғашқы медициналық көмек көрсетініз. Күйіктің төрт деңгейі болады:
- 1 - Терінің қызаруы, домбығу;
  - 2 - Көпіршіктердің пайда болуы;
  - 3 - Күйік орнында қабыршақ пайда болады;
  - 4 - Терінің көмірленуі;
- 1 және 2 дәрежелі күйік кезінде күйік шалған жерді 10-15 минут аққан суға ұстап, соңынан таза матамен жауып қою керек. 3 және 4 дәрежелі күйік шалған жерді дымқыл матамен жауып қою керек. Медициналық көмек көрсетілмесе жарапат соңы ауыр болуы мүмкін.
- ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! Күйік орнына жабысқан заттарға тиіспеңіз. Сонымен қатар, ол жерге крем, лосьон жағуға, көпіршіктерді тесуге болмайды. Зардап шегушіні орындыққа отырғызыңыз не еденге, диванға ыңғайлы орналасуға көмектесініз. Дереу жедел жәрдем шақырыңыз.
- Қажет болса зардап шегушінің күйген жерлерінен артық заттарды (сағат, сақина, аяқ киім және т.б.) шешіп тастаңыз. Киімдерге теріге жабыспаған кезде ғана шешуге болады. Жедел жәрдем қызметін күтіңіз.

# КҮЙІКТІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АЛГАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУ.

Термиялық күйік-денеге жалын қайнаған су, жанып тұрған және ыстық сұйықтық пен газ, қызған және балқыған металдар, напалымдардың тікелей әсерінен пайда болды. Зақымданудың ауырлығы әсер еткен температураның жоғарлығына, әсер етудің ұзақтығына зақымданудың көлемі мен жайылудына байланысты. Қатты күйіктер әсіресе жалын мен қысымда тұрған будың әсерінен пайда болады. Аяқ-қол көз, дененің басқа мүшелеріне қарағанда күйікке жиі ұшырайды.



**Химиялық күйік**-денеге жинақталған қышқылдардың (тұз, күкірт, азот, карбол) және сілтілердің Күйдіргіш калий мен күйдіргіш натрий, мұсәтір спирті, сөндірілмеген әк), фосфордың және ауыр металдардың кейбір тұздарының (хлорлы мырыш) әсерінен пайда болады. Зақымдалудың ауырлығы мен тереңдігі химиялық заттың түрі мен жинақталуына, әсер ету созымдылығына, қай жер екендігіне байланысты. Химиялық заттардың әсеріне кілегейлі қабықша, тері жамылғышы мен мойын төтеп бере алмайды. Ал, табан мен алақан мейлінше төзімдірек



## □ Сәулелік күю-

ядролық жарылыстың  
жарық сәулесінен  
рентген мен күн  
сәулесінен пайда  
болады, сәулелік  
күйіктің сырттай  
алғашқы белгілері  
закымдау дәрижесіне  
сәйкес келмейді.  
Закымдау дәрижесі  
біршама кейінірек  
анықталады.



# АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КОРСЕТУ

- Термиялық күйіктің кезіндегі алғашқы медициналық көмек зардап шегушіге жоғары температураның ықпалын тоқтатуға, яғни жанған киімді сөндіруге, оны жоғары температура аймағынан әкетуге, оның денесінен күйгөн киімді шешүге бағытталады. Күйіктің асқынуын болдырмау үшін күйіктің бетіне таза таңғыштар жабу керек. 1-дәрежедегі күйік кезінде таңғышты спиртпен, арақпен, калий пермаганатымен ылғалдан қоюға болады. Көпіршіктерді қыздыруға, алуға немесе қандайда бір май жағуға (вазелин, мал немесе өсімдік) болмайды. Жағылған май ауруды жазуға көмектеспейді. Есесіне жұқпалылардың енүіне жол береді. Бұл өз кезегінде алғашқы медициналық көмекті көрсетуге, теріні алғашқы хирургиялық өмдеуге кедергі келтіреді.

# ОҚИҒА ОРНЫНДА КӨМЕК КӨРСЕТУ

- **Оқиға орнында көмек көрсету:** Бірінші тәртіп-күйген жерді мүмкіндігінше таза жаймамен жабу. Терінің күйген бөлігін байлап тастауға немесе қатты түйуге болмайды. Екінші тәртіп-целлофан пакеттерін, пластикалық шөлмектерді қармен, мұзбен немесе суық сумен толтыру және оларды құрғақ жайма төсөлген күйген жердің үстіне қояды. Үшінші тәртіп-күйік алған 1-2 таблетка анальгин беру (оның есі болған жағдайда). Төртінші тәртіп-зардап шегушіге жылы сусынды көп ішкізу және толық тыныштықта қалдыру.

# **КҮЙІКТІҢ ТҮРЛЕРІ:**

- Бірінші дәрежелі – терінің қызыарып, домбығып ісінуі;
- Екінші дәрежелі – іші сүйыққа толатын бірнеше көпіршіктердің пайда болуы;
- Үшінші дәрежелі – күйген жердің барлық қабаттарындағы жасушалардың жансыздануы;
- Төртінші дәрежелі – тері астындағы тіндер мен ағзалардың, сіңір бұлшықеттерінің, сүйектің, ішкі ағзалардың қатты зақымдануы.
- Күйік орын алған жағдайда **алғашқы көмектің** әрі дұрыс, әрі уақытылы көрсетілуі жарақаттардың тезірек жазылуына, оны емдеудің жеңіл болуына, яғни жақсылықпен аяқталуына **жәрдемдеседі**.

# АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

□ **Бірінші және екінші дәрежелі** күйікке ұшырағанда күйген жердің ауырғанын бәсендету үшін күйген теріні шумектете ағызылған таза сумен біраз уақыт **жуып-шаю** керек. Содан кейін, әлгі жерге спирт немесе әтір жағып, үстін залалсыздандырылған құрғақ дәкемен **таңып тастау** ләзім. Әрбір отбасында, кез келген жұмыс орнында залалсыздандырылған дәкелер болуы тиіс. Егер, дәке болмаса, оның орнын жаңа ғана үтіктелген таза ақжайманы, орамалды, сұлгіні пайдалануға болады.



- Күйіктің үстінде пайда болған көпіршіктерді қолдан жаруға, оған дәрігердің рұқсатының қандай да бір май, сарымай жағуға, ас содасын себуге және несепті, басқа да дәрілерді пайдалануға болмайды. Олар күйген жерді ластайды, микробтардың көбейіп кетуіне жол ашады да, **дұрыс емделуге** кедергі жасайды.
- Егер адамның **киімі өртенсе**, атқылап аққан сумен өшіру, не топырақпен, не қармен көму керек, не өртенген адамды көрпеге, пальтоға, әйтеуір бір қалың затқа орап, қымтау керек. Өртенген киіммен жүгіріп қашуға болмайды, өйткені жел жалынды үрлеп, денені одан бетер күйдіре түседі.
- Күйген адамнан **киімді сыптырып алуға** болмайды. Киімнің денеге жабысқан жерінің шеттерін қайшымен қыып тастау дұрыс. Дәрігер келгенше күйген адамға **тәтті шай немесе кофе ішкізіңіз**.